

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

2. Болотова М.И., Насибуллина А.Д. Основные направления социально-педагогической поддержки семьи в учреждении дополнительного образования детей // Здоровье семьи - 21 век: электронное периодическое издание. – 2010. – №4. – URL:http://www.fh-21.perm.ru/download/5_1.pdf. (Дата обращения 26.07.2019).

3. Гребенникова В.М., Игнатович В.К., Игнатович С.С., Чолакян К.Д. К вопросу о современных практиках социально-педагогической поддержки семьи как субъекта проектирования индивидуальной образовательной траектории ребенка // Педагогика: вчера, сегодня, завтра. – 2019. – Т. 2. – № 3. – С. 7–19.

4. Асмолов А.Г. Гонки за будущим: образование как индустрия возможностей // Учительская газета. – № 35(10688) от 29 августа 2017 г. – URL. <http://www.firo.ru/> (Дата обращения 20.09.2017).

ӘОЖ 159.922

ЧАЙЛДФРИ ӘЛЕУМЕТТІК ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

Досмурзаева Д.О., Лекенова А.А.

Dinara_dos@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр Сұлтан, Қазақстан

Заманауи қоғамда чайлдфри сияқты құбылыс өте өзекті болып отыр. Чайлдфри - бұл жыныстық өмірінен бас тартпай балалардың болғанын қаламайтын және бұл үшін барлық шараларды қабылдайтын адамдар. Сөзбе-сөз аударғанда чайлдфри термині ерікті баласыздықты немесе балалардан еркіндік дегенді білдіреді. Сондай-ақ, ағылшын тілінде «чайлдлесс» (Childless) термині бар. Бұл бедеулік салдарынан балалы бола алмайтын адамдар. Олар «чайлдфриге» қатысы жоқ, себебі олардың баласыздығы ерікті емес және оларға қатысты емес медициналық себептерге байланысты. Басқа бір термин – «чайлдхейт» (Childhate) деп аталады. Бұл балалардың болғанын қаламайтын адамдар, өйткені олар шыныменде балаларды жек көреді немесе қатты жақтырмайды. Балаларды жек көретін адамдар да өз еркімен баласыз болғанды таңдайды. Дегенмен, «чайлдфри» және «чайлдхейт» - әртүрлі құбылыстар, алайда кейде қиылысады [1].

«Чайлдфри» феномені (Childfree) ғылыми дискурсқа жақында ғана енді. «Чайлдфри» ұғымын алғаш рет ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында Ширли Радл және Элен Пек американдық феминистер енгізуді ұсынды. Баласыздардың құқығын қорғау мақсатында Радл және Пек «Ата-аналар емес бірлестігі» (The National Organization for Non-Parents) деп аталатын «чайлдфри» алғашқы қауымдастығын ұйымдастырды. Оның негізін қалаушылар американдық Ширли Радл мен Элен Пек өздерінің идеяларын келесідей негіздеді: «70-ші жылдардың басында баласы жоқ 30 жастағы әйел толық дамымаған ретінде қабылданды. Адамдар оның баласыздығын жаман денсаулықтың, дәстүрлі емес жыныстық бағдардың, психикалық аурулардың,

ішімдікті немесе есірткіні пайдаланудың себебі деп түсінді. Әйел адамның балалы болуға тілегі жоқ сияқты - қарапайым себепке байланысты екеніне ешкімнің ойына да келген жоқ». Ұйымның негізгі мақсаты қоғамға ана болудан бас тарту қалыпты екенін дәлелдеу болды [2].

1970-ші жылдары чайлдфри туралы айтыла бастады, бұл феноменге қатысты үлкен зерттеуді канадалық социолог Джин Виверс жүргізді. 1980 жылы Джин Виверс «Childless by Choice» («Өз таңдауы бойынша баласыздар») кітабін жарыққа шығарды [3].

Алғашқы чайлдфри - ұйым тек бір онжылдықта жасады, 1985 жылдың ақпан айында өмір сүруді тоқтатты. Бірақ әлемдік қозғалыстың негізі қалыптасты және отбасында балалардың болмауы туралы қоғамдық идеяның көптеген жалғастырушылары табылды [4].

«Childfree» идеологиясы 1990 жылы Калифорниядағы бастауыш сынып мұғалімі Лесли Лафэйетт, the Childfree Network (CFN) чайлдфри алғашқы заманауи топтардың бірін қалыптастырған кезде, ерекше танымалдыққа ие болды. Ұйым әр бір әйелдің міндеті бала туу дегеннен бас тарты, жасанды түсік жасауға рұқсат беруге және жас шегін стерилизациялауға азайту үшін күресті. Ресейде «чайлдфри» алғашқы қауымдастығы 2004 жылдың желтоқсанында әлеуметтік желілерде пайда болды [5]. Ал Қазақстанда чайлдфри туралы 2010 жылдардан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында айтыла басталды. Мысалы, Вконтакте әлеуметтік желісінде 2014 жылы ЧайлдФри Казахстан тобы, ал Facebook әлеуметтік желісінде Childfree Kazakhstan деген атаумен жабық топтар құрылғанын көруге болады.

Бүгінгі күні батыста бұл ағым кең таралды. Зерттеулерге сәйкес, 15-тен 40 жасқа дейінгі американдықтардың 44%-ы баласыз, ал балалары бар әйелдер саны, бірақ оны қаламаса да, он жыл ішінде 2,3-тен 6,6% - ға дейін өсті. Әрбір бесінші сұралған адам баланың тууынан бас тарту балаларды жақтырмау немесе олардан қорқуына байланысты екенін мойындаған [5].

Баласыздарды үш топқа бөлуге болады. Біріншілері, тұрақты партнеры болмаған, ал баланы жалғыз тәрбиелеуге келіспейтіндер. Екіншілері, денсаулығына байланысты балалы бола алмайтын адамдар. Үшінші топ, чайлдфри деп аталады, бұл –тұрақты партнеры бола тұра, ешқашан балалы болуға әрекет жасамаған адамдар.

2000 жылдары Дилан Нил мен Хизер Джоши өздерінің еңбектерінде чайлдфридің екі типін бөліп көрсетті: «толқынды бас тартушылар» және «әр дайым кейінге қалдырушылар» [3].

«Толқынды бас тартушылар» - бұл балалы болуға тілегі бірде пайда болатын, бірде жоғалатын адамдар. Олар саналы түрде балалы бола алмайды, ал сенімді контрацепция кездейсоқ болдырмайды. «Әр дайым кейінге қалдырушылар» балалы болуға келіседі, бірақ қазір емес. Мұндай адамдар балалардың не қалайтынын немесе физикалық тұрғыда оларды әкеле алмайтынын түсінгенше уақытты созады.

Чайлдфри өкілдері арасында «мұнда және қазір» өмір сүретін атеистер көп. Олар арғы жақтағы нәрселерге, қалыптарға, әлеуметтік құндылықтарға сенбейді. Бұл көбінесе отбасындағы жалғыз балалар немесе үлкен

отбасылардан шыққан тұңғыш балалар, олар кіші іні - қарындастарына күтім жасауға мәжбүр болған және балалық шақта барлық ата-ана интенцияларынан зиян шеккендер.

Джин Виверс чайлдфридің екі типін бөліп көрсетті: реджекторлар мен аффексьонадо [3]. Реджекторлар – бұл кім жүктілікті, емізуді, кішкентай балаларды жек көруді бастан кешіретіндер. Олар аз, бірақ олар бар және әрдайым болған. Олар тарихи кезеңдерде өздерінің жек көрушіліктерін еңсере алды ма, бұл түсініксіз. Себебі сол кезде балалар өлімі жоғары болды, соның салдарынан көптеген адамдарда балалары болмады, ал реджектормен жағдайында бұл әдейі бала өлтіру болуы мүмкін еді, бірақ бұл туралы біз тек болжамдар құра аламыз.

Аффексьонадо – бұл баласыз өмір салты қызықтыратын адамдар. Олар балаларды жек көрмейді, бірақ олар балаға күтім жасауды, оның білімімен айналысқысы келмейді. Қазіргі әлемде балаларды асырау үшін ұтымды негіздер азаюда.

Австралияда 1980-1990 жылдары лонгитюдті зерттеу жүргізілді, онда респонденттерге екі рет «Балаңыздың болуын қалайсыз ба?» деген сұрақтар қойылды [3]. Бірінші сауалнаманы респонденттердің жасы шамамен 20 жаста, ал екінші рет олар шамамен 30 жаста болғанда жүргізілді. Нәтижелерді бірнеше параметр бойынша салыстырды. Біріншіден, олардың балалары бар ма, екіншіден, олардың балаларының туу тілегі туралы түсініктері қалай өзгерді. Зерттеушілер чайлдфридің арасында «Енді мен балалы болғым келеді» деп айтқан адамдардың белгілі бір саны пайда болғанын анықтады. Бұл міндетті түрде балалардың пайда болуына байланысты емес. Екінші жағынан, 20 жаста балалы болғысы келетіндердің аз бөлігі үлкен жаста өз шешімін өзгертті. Репродуктивті мақсаттар тек балалық шақта ғана емес, олар өмір бойы өзгеруі мүмкін. Балалар міндетті түрде болуы немесе болмауы қажет деген мақсаты жоқ адамдар әртүрлі әлеуметтік әсерлерге ұшырайды.

Чайлдфридің экономикаға, демографияға және саясатқа әсерінде тигізеді. Экономика тұрғысынан чайлдфрилер өзін шын мәнінде жұмысқа арнай алады. Әйелдер алаңдамай, мансабын жасайды. Чайлдфри-ерлер отбасын асырауға тиіс емес, жоғары ақы төленетін емес, ал өзіне қызықты мамандықты таңдай алады. Екінші жағынан, балаларды қамтамасыз ету үшін ақша табуға мәжбүр адамдар қарқынды жұмыс істейді. Олар өздеріне демалуға мүмкіндік бермейді, әйтпесе олар балаларын тамақтандыра алмайды.

Кейбіреулер ғаламшарда чайлдфри кең таралған кезде халық тым аз болады деп санайды. Бірақ бұл міндетті емес: кейбір дамыған елдерде туу бізге қарағанда жоғары. Бірақ ол жерде бұл шын мәнінде таңдау: біреу мүлде тумайды, ал біреу үш-төрт баланы дүниеге әкеледі. Аграрлық қоғамда адамдарға балалардың болуы тиімді болды: олар неғұрлым көп болса, соғұрлым жерді өңдеуге және көбірек ресурстарды алуға болады. Индустриялық қоғамда балалар бюджеттің шығын бөлігі болды: оларға күтім жасау керек болды, ал олар ақша әкелмеді. Әрине, бастапқы индустриялық

дәуірде балалар фабрикаларда жұмыс істеді — оларды 7 жастан бастап жұмысқа жіберуге болатын болған. Бірақ бұл өте сау жағдай емес: фабрикаларда балалар денсаулықтарын бұзды және жиі ересек жағдайға дейін өмір сүрмеді. Көп ұзамай фабрикалардағы балалар еңбегіне тыйым салына бастады және көп отбасылар проблемалы болды. Біртіндеп туу төмендеді.

Чайлдфри феноменінің заманауи зерттеулері. Соңғы зерттеулер баласыздықтың өсуіне әсер ететін факторларды зерттеумен байланысты. Бұл серіктестердің жеткіліксіз санымен немесе индивидуализммен байланысты ма, адамдар некелік одақтарға шын ниетпен аз түсетінін түсіну керек. Ажырасу санының өсуіне баласыздық әсер ететін гипотеза бар. Бір жағынан, адамдар некеде тұрғанда баланы дүниеге әкелуге үлгермейді, екінші жағынан, жұптар кейіннен оларды жалғыз өсіруі мүмкін екенін сезіне отырып, балаларды дүниеге әкелуге шешім қабылдамайды.

Чайлдфри - бүгінгі күні білімі төмен, табыс деңгейі төмен адамдарға да таралып жатқан жүріс-тұрыс. Норвегияда неғұрлым жоғары әлеуметтік мәртебесі бар жұмыс істейтін әйелдің балалары, ресурстары аз адамдарға қарағанда көп болады. Осыған байланысты отбасылық саясат баланы дүниеге әкелу ниетіне қалай әсер ететінін түсіну қажет [3].

Адамдардың ұрпақ жалғастырудан бастаруының себептері әртүрлі. Ғалымдар, психологтар мен әлеуметтанушылар оның бірнеше негізгілерін көрсетті: бірінші себеп - адам өмірінің құнсыздануы; екінші себеп - экономикалық тұрақсыздық; үшінші нұсқа - қазіргі заманғы әйелдер енді жүктілікті жоспарлағанда, оны сақтағанда немесе үзгенде, бала туу функциясынан мүлдем бас тартқанды да өзі шеше алады; төртінші себеп - табиғи ресурстар мен өмірлік кеңістіктің жетіспеушілігі, ғаламшардың көп қоныстануы туралы идея.

Қорыта келгенде, неке, ата-ата, отбасы және қоғам дамуының заманауи кезеңінде өзгеру үрдістері өтуде. Құндылық ретінде отбасы туралы түсініктер өзгеруде, отбасы-неке қатынастарының жаңа формалары пайда болуда, некеге тұру прагматикалық мотивтермен қарастырылады, ал мансапты жасауға ұмтылу баланы туу туралы шешіміне әсерін тигізеді және репродуктивтік қызметінің дисфункциясы байқалуда.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1. Чайлдфри – добровольная бездетность. [Электронный ресурс]. URL: <http://mirsovetov.ru/a/psychology/psychologic-trick/childfree.html>
2. Грицай, Л.А. Некоторые аспекты научного изучения феномена «чайлдфри» / Л.А. Грицай // Культура и образование. Октябрь 2013. № 2. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://vestnik-rzi.ru/2013/10/1003>.
3. <https://postnauka.ru/longreads/75296>
4. Э.И. Гараева. Социальный феномен движения «Чайлдфри» http://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/1127/1/rois_2014_03.pdf

5. Иванова В.С. Childfree как показатель современной семьи / В.С.Иванова // Международный научно-исследовательский журнал. – 2015. - №1 (32) Часть 4. – С. 50-51

ӘОЖ 159.922

ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІНІҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Досжан Бейсенкүл Қызыбайқызы

Нұр-Сұлтан қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы
№ 57 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
doszhan@@@mail.ru

Адамзат сұранысы әрқилы болып келеді сәйкесінше өмір талабына қарай өзгеріп отырады. Осы тұста білім беру мен тәрбиелеу ережелері жиі өзгерістерге ұшырайды. Осы өзгерістерді қалт жібермей, күнделікті білімін толықтырып, біліктілігін арттыратын педагогикалық қызметкерлердің өз қызметіне деген ынтасы, қызығушылығы, сұранысы, ерік-жігері, мотивациясы тұрақты түрде даму үстінде болуы қажет.

Қазіргі жағдайда білім беру жүйесінде ересек тұлғаның шығармашылық қалыптасуына бағытталған елеулі өзгерістер болды. Мысалы, гимназияларды, лицейлер мен университеттерді дамыту бүкіл елдің және оның жекелеген өңірлерінің білім беру ортасының дамытушылық мүмкіндіктерін айтарлықтай күшейтуге ықпал етті, өйткені олар оқушылардың жоғары білім алу қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға ықпал етеді. Мұндай педагогикалық ұжымдар дарынды адамдармен жұмыс істеу тәжірибесін жинақтады, бұл оқу-тәрбие жұмысының зерттеу технологияларын жасауды және қолдануды талап етті. Заманауи мұғалімнің педагогикалық санасын дамытуда зерттеу компонентіне елеулі рөл беріледі. Әрине, педагогикалық тәжірибе мен кәсібилік педагог-зерттеуші тұлғасының қалыптасуы мен дамуының маңызды факторлары болып табылады. Бірақ ғылыми - зерттеу жұмыстарына мақсатты дайындық қажет. Оның нәтижесі-ғылыми қызметке теориялық және практикалық дайындықтың қалыптасуы. Бұл дайындық түрлері болашақ мұғалімдерді жалпы педагогикалық даярлау барысында қалыптасқан педагогикалық білімге негізделеді [1].

Өз кәсібіне жоғары қызығушылықпен, белсенділігімен танылатын, біліктілігімен көзге түсетін, тұрақты ішкі және сыртқы мотивациясы жүйеленген педагог әлдеқайда жақсы нәтижеге, жетістіктерге қол жеткізеді. Еліміздің тұтастай қалыптасып, белең орын алатын жағдайларда әр маман иесі өз кәсібінде тиісті міндеттерді тек атқарып қана қоймай жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруы да тиіс. Бұл білім мен тәрбие саласының педагогінің моральдық, физиологиялық, психологиялық тұрғыдан тиісті баланс режимінде және де ғылыми мотивациялық қызығушылығын да қанағаттандырып отырады.